

**Мәслихаттың 2011 жылғы 28 қазандағы № 497 "Мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек көрсету туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қостанай облысы Меңдіқара ауданы мәслихатының 2012 жылғы 12 сәуірдегі № 36 шешімі. Қостанай облысы Меңдіқара ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 24 сәуірде № 9-15-173 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Меңдіқара ауданы мәслихатының 2012 жылғы 19 желтоқсандағы № 112 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Меңдіқара ауданы мәслихатының 2012.19.12 № 112 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына, сәйкес, Меңдіқара аудандық мәслихат

**Ш Е Ш Т І :**

1. "Мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек көрсету туралы" мәслихаттың 2011 жылғы 28 қазандағы № 497 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-15-160 тіркелген, 2011 жылғы 1 желтоқсандағы "Меңдіқара үні" аудандық газетінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1-тармағының 3), 4) тармақшалары жаңа редакцияда жазылсын:

"3) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне Ұлы Отан соғысында Жеңіс күніне орай, бір жолғы 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

4) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша теңестірілген тұлғаларға, сондай-ақ соғысқа қатысушыларға жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша теңестірілген тұлғалардың басқа да санаттарына Ұлы Отан соғысында Жеңіс күніне орай, бір жолғы, 2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;"

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрайымы*

*М. Гизбрехт*

*А у д а н д ы қ*

*мәслихаттың хатшысы*

*В. Леонов*

**КЕЛІСІЛДІ:**

*"Меңдіқара ауданының жұмыспен қамту  
және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі"  
мемлекеттік мекемесінің бастығы*

\_\_\_\_\_ *С. Плотникова*

*"Меңдіқара ауданының экономика  
және бюджеттік жоспарлау бөлімі"  
мемлекеттік мекемесінің бастығы*

\_\_\_\_\_ *Г. Айсенова*